

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысын іске асыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 252 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 тамызда № 2762 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 219 қаулысымен

Сноска. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 13.07.2015 № 219 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын

арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) белгіленсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 89 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысын іске асыру шаралары туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2610 нөмірімен тіркелген, 2014 жылы 23 сәуірдегі «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы Б.Оспанов

К Е Л І С І Л Д І :

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығының министрі
А. Мамытбеков

2014 жыл «31» 07

Б . Ж ы л қ ы ш и е в
С . Т ұ я қ б а е в
Ә . Б е к т а е в
А . А б д у л л а е в
С . Қ а н ы б е к о в
Р . И с а е в а

Е.Садыр

О б л ы с

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 5

ә к і м д і г і н і н

ш і л д е д е г і

№ 252 қаулысына 1-қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі

Р/с №	Басым дақылдардың атауы
1	Дәндік жүгері
2	Күріш
3	Майлы дақылдар (мақсары, күнбағыс, майкене)
4	Қант қызылшасы
5	Картоп
6	Көкөніс және бақша өнімдері
7	Мақта
8	Арпа
9	Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген көп жылдық шөптерді қоспағанда)
10	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдары
11	Жүгері және күнбағыс сүрлемі
12	Қорғалған топырақта көкөністер

О б л ы с

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 5

ші л д е д е г і

№ 252 қаулысына 2-қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

Р/с №	Басым дақылдардың атауы	1 гектарға арналған субсидиялар нормалары, теңге	1 тоннаға арналған субсидиялар нормалары, теңге
1	Дәндік жүгері	25 000	
1.1	оның ішінде: жүгері, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген	80 000	
2	Күріш	25 000	
3	Майлы дақылдар (мақсары, күнбағыс, майкене)	6 300	
4	Қант қызылшасы	21 000	1 000
5	Картоп	18 000	
6	Көкөніс және бақша өнімдері	18 000	
6.1	оның ішінде: өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөніс-бақша дақылдары	80 000	
7	Мақта	22 000	
7.1	оның ішінде: өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген мақта	80 000	
8	Арпа	8 000	

9	Жемшөптік дақылдар (ағымдағы жылғы жоңышқа егісі)	15 000	
10	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдары	4 000	
11	Жүгері және күнбағыс сүрлемі	9 000	
12	Өнеркәсіптік жылыжай кешенінде өсірілген қорғалған топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	2 300 000	
13	Фермерлік жылыжайда өсірілген қорғалған топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	1 800 000	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК